



БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ПАСПОРТЫ

- 7M05401-Математика

Білім беру бағдарламасының мақсаты	Бәсекеге қабілетті білім беру ортасында жоғары академиялық стандарттарға сәйкес тереңдетілген математикалық білімді, математикалық ойлауды, математикалық мәдениетті меңгерген қазіргі ғылыми және практикалық мәселелерді шеше алатын, азаматтық ұстанымы бар, жаратылыстану ғылымдарының магистрлерін даярлау
Кәсіби қызмет саласы	Ғылым Білім

Оқыту нәтижелері ОН

ОН1 - нарықтық экономика мен саяси үдерістерді дамытудың негізгі түсініктері мен ғылыми білімдер кешенін пайдаланады, өскелең ұрпақты тәрбиелеу мен оқытудың жаңа философиясын, кәсіпкерлік және инновациялық-инвестициялық іс-әрекетін сипаттайды

ОН2 - ой-өрісікең және ойлау мәдениеті бар жоғары білімді тұлғаны қалыптастыруға ықпал ететін практикалық міндеттерді шешуге баға береді

ОН3 - ғылыми саладағы нақты сөйлеу жағдайларын данақты міндеттерді талдауда мемлекеттік, орыс және шет тілдерінің лингвистикалық құралдарын қолданады

ОН4 - математикалық ойлауды, математикалық мәдениетті, математиканың іргелі бағыттарының әдістерін қолданады

ОН5 - зерттеу есептерін қою және шешу үшін теориялық және практикалық білімді пайдаланады

ОН6 - қойылған міндеттерді шешу жолдарын талдайды: іргелі және қолданбалы математиканың маңызды мәселелерін табады, тұжырымдайды және шешеді

ОН7 - кәсіби іс-әрекетке зерттеу нәтижелерін енгізеді

ОН8 - қатаң негізделген тұжырымдар түрінде өзінің ғылыми нәтижелерін ұсынуда дағдыларды қолданады

ОН9 - қойылған есептерді шешуде математикалық аппаратты қолдану дағдыларын көрсетеді, үдеріске сәйкес математикалық моделді таңдайды, моделдеу нәтижелеріне талдау жүргізеді, алынған нәтижелер негізінде шешім қабылдайды

ОН10 - іргелі математиканың жаңа бөлімдерін өз бетінше зерттейді

ОН11 - өз бетінше және әріптестермен бірлесіп, кәсіби іс-әрекет барысында туындайтын мәселелердің жаратылыстану-ғылыми мәнін анықтайды, оларды шешу үшін тиісті жаратылыстану-ғылыми аппаратты қолданады